И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп лицей

БЕКІТЕМІН
Мектеп директоры
Б. Дуйсенбаев
«01» қазан 2025 ж.

«Жас ұлан» ұйымының жылдық акциясын жүзеге асыру бойынша мектеп тәлімгерінің жылдық жоспары

Қызылорда, 2025

Жас Ұлан ұйымының жылдық жоспары

№	Тақырыбы	Ұйымдастыру түрі	Жауапты мамандар	Уақыты
1	Қауіпсіз жол – балалар қауіпсіздігі	Қаіпсіздік сабағы	Мектеп әкімшіліг, инспектор	Қыркүйек айы
2	Қарттарым – асыл қазынам	Салтанатты жиын	Тәлімгер, ДТЖО	Қазан айы
3	Алтын күз – береке мен молшылық мерекесі	Күзгі көрме	Тәлімгер	Қазан айы
4	«Жас ұлан» ұйымына қабылдау	Қабылдау рәсімі	Тәлімгер	Қазан айы
5	Еңбегі адал – жас өрен	Бейнероликтер түсіру	Тәлімгер, ДТЖО	Қараша айы
6	Дос Бол Like	Ойын форматында	Тәлімгер	Қараша айы
7	Көңілді үзіліс	Ойын форматында	Тәлімгер	Ай сайын (2-11сынып)
8	Тәуелсәздәк таңы мәңгілік	Сурет байқауы	Тәлімгер	Желтоқсан айы
9	Тәуелсіздік – ең қымбат құндылық	Метепішілік іс-шара	Тәлімгер	Желтоқсан айы
10	Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!	Плакаттар байқауы	Тәлімгер	Қаңтар айы
11	Жаңа жыл-2026	Мерекелік іс-шар	Тәлімгер, ДТЖО	Желтоқсан айы

12	«ДосболLIKE» – буллингке қарсымыз акциясы	Акция	Тәлімгер	Тоқсан сайын (1-11сынып)
13	Шын жүректен кітап сыйла!	Челлендж	Тәлімгер	5-14 ақпан
14	Абай оқулары	Мәнерлеп оқу байқауы	Тәлімгер	Ақпан
15	Алғыс – ізгі ниет	Таңғы кездесу	Тәлімгер	Наурыз
16	«Ұлттық мәдениет» көрмесі	Көрме	Тәлімгер	Сәуір
17	«Абай жолы» шығармашылық апталығы	16	Тәлімгер	Наурыз (1-11сынып)
18	«Қанатты достар» акциясы	Челлендж	Тәлімгер	Сәуір (1-4сынып)
19	«1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күні»	Құттықтау челленджі	Тәлімгер	Мамыр (1-11 сынып)

АНЫҚТАМА

И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейде ағашқы «Қауіпсіз жол – балалар қауіпсіздігі» сабағы өтті.

Іс-шара атауы: «Қауіпсіз жол – балалар қауіпсіздігі»
Форматы: қауіпсіздік сабағы
Мерзімі: 1 қыркүйек, 2025 жыл
Орны: 5 мектеп-лицейі
Қатысушылар: 1-сынып оқушылары
Жауапты: Мектеп әкімшілігі, инспектор



Мақсаты:
Бастауыш сынып оқушыларына жолда жүру ережелерін үйрету және олардың қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру.
Балалардың жолдағы мінез-құлқын дұрыс ұйымдастыру, өз өмірі мен денсаулығына жауапкершілікпен қарауға баулу.
Жол-көлік оқиғаларының алдын алу және құқықтық сауаттылығын арттыру.

Өткізілу барысы:
1 қыркүйек 2025 жылы №5 мектеп-лицейінде «Қауіпсіз жол – балалар қауіпсіздігі» тақырыбында қауіпсіздік сабағы ұйымдастырылды. Іс-шараға Қызылорда ЖПҚБ ЮПБ-ның полиция лейтенанты Жақсылықов Ерсұлтан Ерболұлы қатысып, оқушыларға түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Дәріс барысында:
Жолда жүру ережелері мен жаяу жүргінші тәртіптері түсіндірілді;
Бағдаршам сигналдарының мәні мен жол белгілерінің маңызы айтылды;
Қауіпсіздік сақтау жолдары, көшеде өзін-өзі ұстау дағдылары көрсетілді;
Балалардың сұрақтарына жауап беріліп, интерактивті әңгімелесу ұйымдастырылды.
Оқушылар белсенді түрде қатысып, маманмен пікір алмасып, өз ойларын айтты.

Нәтижесі:
1-сынып оқушылары жолда жүру ережелері туралы жаңа мәліметтер алды және қауіпсіздік ережелерін дұрыс сақтаудың маңыздылығын түсінді.
Оқушылардың құқықтық сауаттылығы мен қауіпсіз мінез-құлық дағдылары артты.
Балалардың арасында жол қауіпсіздігіне қатысты жауапкершілік деңгейі көтерілді.

#ҚауіпсізЖол #БалаларҚауіпсіздігі #ЖолЕрежесі #МектепӨмірі





АНЫҚТАМА

И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде «Қарттарым – асыл қазынам» тақырыбында салтанатты жиын өтті.

Іс-шара атауы: «Қарттарым – асыл қазынам»
Форматы: салтанатты жиын
Мерзімі:1 қазан, 2025 жыл
Орны: 5 мектеп-лицей акт залы
Қатысушылар: 1-11 сынып оқушылары
Жауапты:Тәлімгер: И.Қуанышбек, тәрбие бөлімі.

1 қазан – Қарттар күніне орай И.В. Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейде қазыналы қарттарымызға арналып салтанатты жиын өтті.
Жиынды мектеп-лицей директоры Дүйсенбаев Бахытжан Жұмабайұлы ашып, ардақты қарияларға ыстық лебізін білдірді.

Мақсаты:
– Оқушылардың бойына үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету дәстүрін қалыптастыру;
– Қарттардың өмірлік тәжірибесін үлгі ете отырып, жас ұрпақты отансүйгіштікке, мейірімділікке тәрбиелеу;
– Ұрпақтар сабақтастығын нығайту.

Міндеттері:
– Қарттарға қамқор болу – әр ұрпақтың парызы екенін ұғындыру;
– Қариялардың қоғамдағы орнын дәріптеу, өнегелі өмірін үлгі ету;
– Жас буынды ізгілікке, сыйластыққа баулу.

Шара барысында оқушылар жүрекжарды әндерін шырқап, мәнді өлеңдерін оқып, әсем билерін билеп, қарттарға көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

Ардагер ұстаздарымызға сыйлықтар табысталды. Бұл игі іс қазыналы қарттарымыздың көңілін көтеріп, мерекелік шараның мәнін арттыра түсті.

Қарттар – біздің асыл қазынамыз, ұрпаққа үлгі-өнеге, береке-бірліктің бастауы!








ТАРЫМ-АСЫЛ
ҚАЗЫНАМ!






ТАРЫМ-АСЫЛ
ҚАЗЫНАМ!



АНЫҚТАМА

И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде «Алтын күз – береке мен молшылық мерекесі» атты күзгі көрме өтті.

Іс-шара атауы: «Алтын күз – береке мен молшылық мерекесі»
Форматы: күзгі көрме
Мерзімі:16 қазан, 2025 жыл
Орны: 5 мектеп-лицей
Қатысушылар: 1-4 сынып оқушылары
Жауапты:Тәлімгер: И.Қуанышбек.

Мақсаты:

Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту;

Табиғат байлығын қадірлеуге, еңбексүйгіштікке және ұқыптылыққа тәрбиелеу;

Ата-аналар мен балалардың бірлескен еңбегін қолдау және ынталандыру;

Мектептегі мерекелік және эстетикалық мәдениетті нығайту.

Өткізілу барысы:

16 қазан күні И.В. Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде бастауыш сынып оқушылары арасында дәстүрлі «Алтын күз – береке мен молшылық мерекесі» көрмесі өткізілді.

Іс-шара барысында:

1–4 сынып оқушылары мен ата-аналары күздің жемісі мен табиғи материалдарды пайдалана отырып, әсем композициялар мен қолөнер бұйымдарын жасады;

Әрбір жұмыс ерекше сәнде безендіріліп, балалардың қиялы мен еңбегі, ата-аналардың қолдауы мен қамқорлығы көрініс тапты;

Ұсынылған бұйымдар ұлттық нақышқа бай, креативті және көрермендер үшін эстетикалық жағынан қызықты болды;

Көрме барысында оқушылар өз жұмыстарын таныстырып, шығармашылық идеяларын бөлісті.

Нәтижесі:

Оқушылардың шығармашылық белсенділігі артты;

Табиғат материалдарын пайдалана отырып, еңбектің нәтижесін бағалай білу дағдылары дамыды;

Ата-аналар мен балалардың бірлескен еңбегінің маңыздылығы көрсетілді;

Шығармашылыққа шабыт беріп, мерекелік көңіл-күй қалыптасты;

Мектептің эстетикалық мәдениеті мен мерекелік дәстүрі нығайды.





АНЫҚТАМА

И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде «Еңбегі адал – жас өрен» жобасы аясында күзгі асар жәрмеңкесі өтті.

Іс-шара атауы: «Еңбегі адал – жас өрен»
Форматы: күзгі асар жәрмеңкесі
Мерзімі:20-21 қазан, 2025 жыл
Орны: 5 мектеп-лицейі
Қатысушылар:5-7 сынып оқушылары
Жауапты:Тәлімгер: И.Қуанышбек

Мақсаты:

Оқушыларды еңбексүйгіштікке, адалдыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу;
Өз қолымен еңбек етіп, оның нәтижесіне қуана білуге үйрету;
Оқушылардың еңбек мәдениетін қалыптастыру және пайдалы істерге ынталандыру.

Өткізілу барысы:

И.В. Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде «Еңбегі адал – жас өрен» жобасы аясында «Күзгі асар жәрмеңкесі» өткізілді. Іс-шараға оқушылар, ата-аналар және мұғалімдер белсенді түрде қатысты.

Жәрмеңке аясында:

Оқушылар мен ата-аналар өз қолдарымен дайындалған тағамдар, тәттілер, сусындар және түрлі қолөнер бұйымдарын ұсынды;
Әр сынып өзіндік ерекше безендіру, ұсыныс жасау және ұйымдастыру шеберліктерін көрсетті;
Сатылымнан түскен қаржының қайда жұмсалатыны туралы алдын ала түсіндіру жұмыстары жүргізілді;
Оқушылар бір-бірімен қарым-қатынас жасап, еңбек пен бірліктің маңызын тәжірибеде сезінді.
Іс-шара достық, ұйымшылдық және еңбек нәтижесін бағалай білу атмосферасында өтті.

Нәтижесі:

Оқушылардың шығармашылық белсенділігі артып, өз қолымен жасаған еңбектің қадірін түсінді;
Еңбекке, кәсіпкерлікке, жауапкершілікке деген қызығушылықтары мен дағдылары дамыды;
Мектеп пен ата-аналар қауымдастығы арасындағы байланыс нығайып, ортақ іс жасау мәдениеті қалыптасты;
Оқушылар қоғамға пайдалы іс-шараларға қатысу арқылы рухани-адамгершілік қасиеттерін жетілдірді;

«Еңбегі адал – жас өрен» жобасының мектептегі тәрбиелік маңызы тереңдей түсті.




МЕКТЕП-АНДЕЙ
ТОЛҚУЖАТЫ











АНЫҚТАМА

И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде «Жас Ұлан» ұйымына қабылдау салтанатты жиыны өтті.

Іс-шара атауы: «Жас Ұлан» ұйымына қабылдау
Форматы: қабылдау рәсімі
Мерзімі:24 қазан, 2025 жыл
Орны: 5 мектеп-лицей акт залы
Қатысушылар: 5-сынып оқушылары
Жауапты:Тәлімгер: И.Қуанышбек

Мақсаты:

Оқушыларды патриоттыққа, елжандылыққа тәрбиелеу;

Республикалық «Жас Ұлан» ұйымының идеалдары мен құндылықтарын насихаттау;

Оқушылардың қоғамдық өмірге белсенді қатысуын, жауапкершілігін және ұйымшылдығын арттыру;

Мектептегі патриоттық тәрбие мен азаматтық мәдениетті нығайту.

Өткізілу барысы:

И.В. Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде Республикалық «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымына қабылдау салтанаты өтті.

Іс-шара барысында:

66 оқушы оқу мен спортта озат, патриоттыққа лайықты деп танылып, ұйым қатарына қабылданды;

5 «Ә» сынып оқушысы, «Жас Ұлан» ұйымының ұланбасы Темірхан Сырым Болатбекұлы рапорт беріп, жас ұлан мүшелері алдында ант қабылданды: «Еліме, жеріме адал қызмет етемін»;

Барлық қабылданған оқушыларға Республикалық сертификат, көгілдір галстук және төс белгілері табысталды;

Ұстаздар жас ұландарды құттықтап, елжандылыққа, ұйым абыройын биік ұстауға шақырды.

Салтанатты шара патриоттық сезімді нығайтып, оқушылардың жауапкершілігі мен ұйымшылдығын көрсетуге мүмкіндік берді.

Нәтижесі:

66 оқушы «Жас Ұлан» ұйымының мүшесі атанып, ант қабылдады;

Оқушылардың патриоттық сезімі мен елжандылық қасиеттері нығайды;

Ұйымның құндылықтары мен идеалдары мектеп жасөспірімдері арасында насихатталды;

Салтанатты іс-шара мектепте тәрбие мен қоғамдық жауапкершілікті арттыруға үлес қосты;

Жас ұландардың өз елінің дамуына белсенді қатысуға ынтасы артты.




тынсарин


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК


Жас Ұлан




Жас Ұлан













АНЫҚТАМА

И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде «Еңбегі адал – жас өрен» жобасы өтті.

Іс-шара атауы: «Еңбегі адал – жас өрен»
Форматы: бейнероликтер түсіру
Мерзімі:11 қараша, 2025 жыл
Орны: 5 мектеп-лицей
Қатысушылар: 5-сынып оқушылары
Жауапты:Тәлімгер: И.Куанышбек, тәрбие бөлімі.

И.В. Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде «Еңбегі адал – жас өрен» жобасы аясында 5-сынып оқушылары отбасы құндылықтарын дәріптейтін бейнекөріністер ұсынды.

Мақсаты:
Білім алушылардың еңбекқорлыққа деген қызығушылығын арттыру, отбасы мен адамгершілік құндылықтарын насихаттау.

Өткізілу барысы:

- Шара барысында оқушы өзінің бейнекөрінісі арқылы сүйіспеншілік, қамқорлық, сыйластық, бірлік және жауапкершілік сияқты отбасылық құндылықтарды көрсетті.
- Іс-шара жылы және ынталандыратын атмосферада өтті, көрермендер арасында позитивті эмоция тудырды.

Нәтижесі:
Мұндай жобалар жас ұрпаққа еңбекқорлық пен отбасы құндылықтарының мәнін ұғындыруға мүмкіндік береді.






«Бекітемін»

И.В.Панфилов атындағы

№5 мектеп-лицей директоры

_____Б.Дүйсенбаев

"ЖАС ҰЛАНҒА ҚАБЫЛДАУ" САЛТАНАТТЫ ІС-ШАРА СЦЕНАРИЙІ

ТОРЖЕСТВЕННАЯ ЦЕРЕМОНИЯ ПРИЁМА В ОРГАНИЗАЦИЮ «ЖАС ҰЛАН»

Мерзімі: 24.10.2025ж 15:00 сағат

Мақсаты: Жас ұлан ұйымының негізгі мақсаты оқушылардың қоғамдық әлеуметтік, танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту. Туған жерін, туған елін, халқын ардақтап өтуге үйрету. Бақытқа жетер даңғыл жолдың бірі – туған Отанды сүюден басталатынын түсіндіру. Отанға деген патриоттық сезімдерін ояту.

Міндеттері:

- мектеп оқушыларын әлеуметтік тәжірибелерін дамыту және байыту;
- әлеуметтік танымдық бастамаларды жүзеге асыру;
- мектептің тәрбиелік әлеуетін жүзеге асыру.

Көрнекілігі: Ту, Елтаңба, Қазақстан Республикасының картасы, ұлы тұлғалардың суреттерін көрсету

«Жас Ұлан» ұйымына қабылданушылар саны: 65

"Көк тудың желбірегені" әуені баяу ойнайды.

(Марат Нұрасыл, Марат Жанасыл, Марат Ерасыл «Балбырауын» күйі)

1-жүргізуші:

Армысыздар, қадірлі жас достар, ұстаздар және қонақтар! Еліміздің егемендігі мен Тәуелсіздігі құтты болсын! Иван Василевич Панфилов атындағы №5 мектеп-лицей оқушыларын Республикалық «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымына қабылдау рәсіміне арналған салтанатты жиынымызды ашық деп жариялаймыз.

2-жүргізуші:

Добрый день, уважаемые учителя, родители и дорогие ученики! Сегодня в нашей школе торжественный и радостный день. Мы проводим церемонию приёма в ряды единой детско-юношеской организации «Жас ұлан»!

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимні!

1-жүргізіші:

Бүгін еліміздің ертеңгі алтын діңгегін, келешектің кілтін ұстар ұрпақтың бір арнаға тоғысқан күні.

Жаса мәңгі, тәуелсіздік ұраны,
Шарықтасын қазағымның жыр-әні.
Отанымның Туын көкке көтерер,
Біз боламыз ұлы елдің ЖАС ҰЛАНЫ.

Алғашқы құттықтау сөз мектеп-лицей директоры Дүйсенбаев Бахытжан Жұмабайұлына беріледі.

(5«б» сынып оқушысы Өмірбек Мейіржан «Батырлар ұраны» әні)

1-жүргізуші:

Ендеше, оқушылар «Жас ұлан» ұйымының мақсат, міндет, ережелерімен таныстыруға рұқсат етіңіздер!

«Жас Ұлан» ұйымының әрбір мүшесі: қоғамдық өмірде, тұрмыста, қазақ ұлттық болмыста, халықтық келбетпен қалыпты сақтай отырып, ата-анасын шынайы сыйлап, олардың өнегелі қасиеттерін бойға сіңіріп, өсиеттерін орындауды перзенттік парыз деп түсінеді.

2-жүргізуші:

Организация «Жас ұлан» объединяет юных патриотов Казахстана. Она воспитывает любовь к Родине, уважение к труду, стремление к знаниям и активную жизненную позицию.

1-жүргізуші:

Қазақстан Республикасының туының түсіндей галстук тағу керек және Республикамыздың мемлекеттік нышандарын құрметтеп, мемлекеттік Гимнді жатқа айту керек. «Мен не істесем де, келешегі кемел, көркем Қазақстан үшін істеймін» деген ұландардың Отаны, елі алдында өз парыздарын айтар сәт те туды.

2-жүргізуші:

А теперь приглашаем на сцену кандидатов в члены организации «Жас ұлан»!

1-жүргізуші:

Еңселі еліміздің ертеңі сендер! Ендеше мектеп-лицей тәлімгері **Қуанышбек Инабат Темірбекқызына** беріледі.

Тәлімгер:
Жас Ұландықтар! Түзел! Тік тұр!

1-жүргізуші:

«Жас Ұлан» сөз кезегі сіздерде. «Жас Ұлан» ұйымының қатарына қабылданушы оқушыларға береміз. «Жас Ұлан» ұйымының ұланбасы **Темірхан Сырым Болатбекұлы**

(Ұланбасының рапорт беруі).

Ұланбасы:

Біз, «Жас ұлан» ұйымының антын қабылдауға 65 оқушы дайын. Рапорт берілді.

Тәлімгер:

Рапорт қабылданды.

1-жүргізуші:

Құрметті салтанатты жиынға қатысушылар! Республикалық «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымына өтуге тілек білдіруші ұландарға галстук пен төсбелгі тағу құрметі бүгінгі салтанатты жиынға келген құрметті қонақтар мен ұстаздарға беріледі.

2-жүргізуші:

Наступает торжественный момент вручения голубых галстуков - символа чести, дружбы и любви к Родине.

(Галстук байланып, төсбелгі тағылады).

(«Туған ел» әні ойнап тұрады).

Ұланбасы:

Құрметті тәуелсіз еліміздің жалындаған жастары! Баршаңызды Республика күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Ант

Мен, **Темірхан Сырым Болатбекұлы** - Республикалық бірыңғай «Жас ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының қатарына кіре отырып:

Өз Отаным – Қазақстан Республикасының патриоты болуға;

Мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, дәріптеуге;

Туған елім, жерім, Отанымды мақтаныш етуге;

Ата-анамды қадірлеуге;

Үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге;

Білімге табандылықпен ұмтылуға;

Салауатты өмір салтын ұстануға;

Табиғатты аялауға;

«Жас Ұлан» ережесін бұлжытпай сақтауға және оны өз достарымнан талап етуге ант етемін. Біздің жерлестеріміздің даңқты ерлігі өнегесі негізінде ерлікке үйренуге және Отанға шексіз қызмет етуге салтанатты түрде

АНТ ЕТЕМІЗ, АНТ ЕТЕМІЗ, АНТ ЕТЕМІЗ!

Тәлімгер:

Ант қабылданды.

1-жүргізуші:

Құрметті «Жас Ұлан» ұйымының мүшелері! «Жас Ұлан» ұйымына қабылдануларыңызбен құттықтаймыз! Егеменді еліміздің еңселі азаматтары болуларыңызға шын жүректен тілектеспіз.

(«Жас Ұландар гимні шырқалады).

1-жүргізуші:

Құрметті салтанатты жиынға келген қонақтар, ұстаздар мен оқушылар! «Жас Ұлан» ұйымына қабылдау рәсіміне арналған салтанатты жиынымызды жабық деп жариялаймыз! Естелік суретке түсуге шақырамыз! Сау болыңыздар!

2-жүргізуші:

Уважаемые гости, учителя и учащиеся! Торжественную церемонию, посвящённую приёму в организацию «Жас Ұлан», объявляем закрытой! Приглашаем всех на памятное фото! До свидания!

(Мерекелік әуен ойнап тұрады, барлығы естелік суретке түседі.)

АНЫҚТАМА

И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде«ДОС БОЛ Like» өткізілді.

Іс-шара атауы: «ДОС БОЛ Like»
Форматы: ойын
Мерзімі:25 қараша, 2025 жыл
Орны: 5 мектеп-лицейі
Қатысушылар: 5-сынып оқушылары
Жауапты:Тәлімгер: И.Қуанышбек

Іс-шараның мақсаты:

Оқушыларды достыққа, бір-біріне құрметпен қарауға, мейірімділік пен жанашырлыққа тәрбиелеу, жағымды қарым-қатынас орнату арқылы мектеп ортасында қауіпсіз әрі қолайлы психологиялық ахуал қалыптастыру.

Іс-шараның міндеттері:

- Буллинг пен кибербуллингтің алдын алу туралы түсінік қалыптастыру;
- Оқушылардың бір-біріне деген сыйластық, толеранттылық және жауапкершілік сезімін арттыру;
- Қарым-қатынас мәдениетін дамыту, эмоцияны дұрыс басқаруға үйрету;
- Достық, ынтымақтастық және өзара қолдау құндылықтарын насихаттау;
- Оқушылардың әлеуметтік белсенділігін арттыру.

Іс-шараның өткізілу барысы:

«ДОС БОЛ Like» іс-шарасы жоспарға сәйкес ұйымдастырылды. Шара барысында жүргізуші іс-шараның мақсаты мен маңызын түсіндіріп өтті. Оқушыларға достық, сыйластық және буллингтің алдын алу тақырыптарында ақпарат берілді.
Интерактивті тапсырмалар, пікір алмасулар және жағдаяттық сұрақтар арқылы оқушылар өз ойларын ортаға салып, бір-бірімен ашық қарым-қатынас орнатты. Іс-шара барысында оқушылар белсенділік танытып, жағымды эмоциялық ахуал қалыптасты.

Қорытынды:

Іс-шара өз мақсатына жетіп, оқушылар арасында достық қарым-қатынас нығайды, буллингтің алдын алу туралы түсініктері кеңейді. Шара тәрбиелік мәні жоғары, мазмұнды әрі нәтижелі өтті.




Шын жүректен
Досым-Ғаю

АНЫҚТАМА

И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде «Көңілді үзіліс» өткізілді.

Іс-шара атауы: Көңілді үзіліс
Форматы: ойын
Мерзімі: 11 желтоқсан, 2025 жыл
Орны: 5 мектеп-лицейі
Қатысушылар: 1-4-сынып оқушылары
Жауапты:Тәлімгер: И.Қуанышбек

Іс-шараның мақсаты:

Бастауыш сынып оқушыларының демалысын тиімді ұйымдастыру, олардың физикалық және эмоционалдық сергітуін қамтамасыз ету, мектепке деген жағымды көзқарасын қалыптастыру.

Іс-шараның міндеттері:

- Оқушылардың көңіл күйін көтеру және жағымды эмоциялық орта қалыптастыру;
- Қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыру арқылы денсаулықты нығайту;
- Ұжымда ойнау, бір-бірімен қарым-қатынас жасау дағдыларын дамыту;
- Зейінін шоғырландыру мен жылдам ойлау қабілеттерін жетілдіру;
- Мектептегі үзіліс уақытын қызықты әрі пайдалы өткізуге баулу.


Іс-шараның өткізілу барысы:

«Көңілді үзіліс» ойын түрінде ұйымдастырылды. Оқушыларға жас ерекшеліктеріне сай қимылды және қызықты ойындар ұсынылды. Балалар ойындарға белсенді қатысып, бір-бірімен еркін қарым-қатынас орнатты. Іс-шара барысында көтеріңкі көңіл күй мен жағымды атмосфера қалыптасты.

Қорытынды:

Іс-шара өз мақсатына жетіп, оқушылардың белсенділігі артып, сергіп, жақсы көңіл күймен сабаққа кірісуіне ықпал етті. «Көңілді үзіліс» тәрбиелік әрі сауықтыру мәні жоғары іс-шара ретінде өтті.





АНЫҚТАМА

И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде ҚР Тәуелсіздік күніне орай

«Тәуелсіздік таңы мәңгілік» тақырыбында сурет байқауы өткізілді.

Іс-шара атауы: «Тәуелсіздік таңы мәңгілік»
Форматы: сурет байқауы
Мерзімі: 12 желтоқсан, 2025 жыл
Орны: 5 мектеп-лицейі
Қатысушылар: 5-7-сынып оқушылары
Жауапты:Тәлімгер: И.Қуанышбек

Іс-шараның мақсаты:

Оқушылардың бойында отансүйгіштік сезімді қалыптастыру, Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі туралы түсінігін кеңейту, ұлттық құндылықтарды дәріптеу және шығармашылық қабілеттерін дамыту.

📌 Іс-шараның міндеттері:

- Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне деген құрметті арттыру;
- Оқушылардың тарихи сана-сезімін қалыптастыру, ел тарихына қызығушылығын ояту;
- Тәуелсіздік, еркіндік және ел бірлігі тақырыптарын бейнелеу арқылы шығармашылық ойлауын дамыту;
- Эстетикалық талғамын арттыру және көркемдік қабілеттерін жетілдіру;
- Ұлттық рәміздер мен мемлекеттік құндылықтарға құрметпен қарауға тәрбиелеу.





АНЫҚТАМА

И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде ҚР Тәуелсіздік күніне орай

«Тәуелсіздік – ең қымбат құндылық» тақырыбында салтанатты жиын өткізілді.

Іс-шара атауы: «Тәуелсіздік – ең қымбат құндылық»
Форматы: іс-шара
Мерзімі: 15 желтоқсан, 2025 жыл
Орны: 5 мектеп-лицейі
Қатысушылар: 7-сынып оқушылары
Жауапты:Тәлімгер: И.Қуанышбек

И.В. Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 34 жылдығына арналған мерекелік кеш өткізілді. Іс-шараның негізгі мақсаты – оқушылардың бойында отансүйгіштік қасиеттерді қалыптастыру, ұлттық рухты көтеру және тарихи сананы дамыту. Мерекелік кеш барысында оқушылар Тәуелсіз Қазақстанның жетістіктерін дәріптейтін әндер, билер, сахналық көріністер мен өлең жолдарын орындап, өз өнерлерін ортаға салды. Кеш көрермендерге патриоттық рух сыйлап, елге деген мақтаныш сезімін арттырды.


Мақсаты:
Жас ұрпақтың бойына Отанға деген сүйіспеншілік пен мақтаныш сезімін ұялату, ұлттық құндылықтарды дәріптеу, тәуелсіз еліміздің тарихын құрметтеуге тәрбиелеу.

Міндеттері:

- Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі туралы білімдерін тереңдету;
- Оқушылардың патриоттық сезімін және азаматтық жауапкершілігін арттыру;
- Ұлттық мәдениет пен өнерге деген қызығушылықты дамыту;
- Оқушылардың шығармашылық қабілеттері мен сахналық мәдениетін жетілдіру;
- Ұжымдық жұмыс пен ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

Іс-шараның өту барысы:
Мерекелік кеш Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимнімен ашылды. Одан кейін жүргізушілер Тәуелсіздік мерекесінің маңыздылығына тоқталып, мерекелік бағдарламаны таныстырды.
Бағдарлама аясында оқушылар патриоттық әндер орындап, ұлттық билер биледі, тәуелсіздік тақырыбында сахналық көріністер мен өлеңдер оқыды. Әрбір өнер көрсетілім көрермендер тарапынан жоғары бағаланды.
Іс-шара соңында белсенді қатысқан оқушылар мен ұйымдастыруға үлес қосқан сынып жетекшілерге, ата-аналарға алғыс білдіріліп, мерекелік кеш қорытындыланды.













АНЫҚТАМА

И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!» тақырыбында плакаттар байқауы өткізілді.

Іс-шара атауы: «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!»
Форматы: плакаттар байқауы
Мерзімі: 9 қаңтар, 2026 жыл
Орны: 5 мектеп-лицейі
Қатысушылар: 7-сынып оқушылары
Жауапты:Тәлімгер: И.Қуанышбек

И.В. Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде оқушылар арасында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, құқықтық және психологиялық сауаттылықты арттыру мақсатында «Сыбайлас жемқорлықтың психологиялық факторлары» тақырыбында плакаттар байқауы өткізілді.

- Ұжымда бірлесіп әрекет етуге, достыққа тәрбиелеу;
- Жаңа жыл дәстүрлерін таныту және қызығушылықтарын арттыру;
- Оқушылардың сахналық мәдениетін жетілдіру.

Іс-шараның өту барысы:
Мерекелік іс-шара жүргізушілердің құттықтау сөзімен басталды. Одан кейін Аяз ата мен Ақшақардың қатысуымен қызықты ойындар ұйымдастырылып, оқушылар ән айтып, би билеп, тақпақтар орындады.

Әсем безендірілген шырша маңында түрлі ойын-сауық бағдарламалары өткізіліп, балалар белсенділік танытты. Іс-шара соңында оқушыларға Жаңа жылдық тілектер айтылып, мерекелік кеш көтеріңкі көңіл-күймен аяқталды.





АНЫҚТАМА

И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде «Жаңа жыл – 2026» мерекелік іс-шарасы өткізілді.

Іс-шара атауы: «Жаңа жыл – 2026»
Форматы: мерекелік іс-шара
Мерзімі: 19-26 желтоқсан, 2025 жыл
Орны: 5 мектеп-лицейі
Қатысушылар: 1-11-сынып оқушылары
Жауапты:Тәлімгер: И.Қуанышбек, тәрбие бөлімі

И.В. Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде 19-26 желтоқсан күндері аралығында , 1-11-сынып оқушылары арасында Жаңа жыл мерекесіне орай «Жасыл шырша жанында» атты мерекелік іс-шара өткізілді. Іс-шара оқушыларға көтеріңкі көңіл-күй сыйлап, мерекелік дәстүрлерді дәріптеу мақсатында ұйымдастырылды. Шара барысында оқушылар ән айтып, би билеп, Аяз ата мен Ақшақарға арналған тақпақтарын оқыды. Әсем безендірілген шырша маңында нағыз мерекелік атмосфера қалыптасты.

Мақсаты:
Оқушыларға мерекелік көңіл-күй сыйлау, ұжымшылдық пен достық қарым-қатынасты нығайту, ұлттық және жалпыадамзаттық мерекелік дәстүрлерге баулу.

Міндеттері:

- Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- Мерекелік мәдениет пен эстетикалық талғамды қалыптастыру;
- Ұжымда бірлесіп әрекет етуге, достыққа тәрбиелеу;
- Жаңа жыл дәстүрлерін таныту және қызығушылықтарын арттыру;
- Оқушылардың сахналық мәдениетін жетілдіру.

Іс-шараның өту барысы:
Мерекелік іс-шара жүргізушілердің құттықтау сөзімен басталды. Одан кейін Аяз ата мен Ақшақардың қатысуымен қызықты ойындар ұйымдастырылып, оқушылар ән айтып, би билеп, тақпақтар орындады.

Әсем безендірілген шырша маңында түрлі ойын-сауық бағдарламалары өткізіліп, балалар белсенділік танытты. Іс-шара соңында оқушыларға Жаңа жылдық тілектер айтылып, мерекелік кеш көтеріңкі көңіл-күймен аяқталды.








АНЫҚТАМА

И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде «ДосболLIKE» акциясы өткізілді.

Іс-шара атауы: «ДосболLIKE» буллингке қарсымыз акциясы.
Форматы: акция
Мерзімі: 28 қаңтар, 2026 жыл
Орны: 5 мектеп-лицейі
Қатысушылар: 1-11 сынып оқушылары
Жауапты:Тәлімгер: И.Қуанышбек

И.В. Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде 1–11 сынып оқушыларының қатысуымен «ДосболLIKE» акциясы ұйымдастырылып, жоғары деңгейде өткізілді.

Акцияның мақсаты:
Оқушылар арасында достық қарым-қатынасты нығайту, өзара сыйластық пен қолдауды қалыптастыру, жағымды әрі қауіпсіз мектеп ортасын дамыту, буллинг пен агрессияның алдын алу.

Міндеттері:
– Оқушыларды бір-біріне құрметпен қарауға тәрбиелеу;
– Мейірімділік, татулық және ынтымақтастық құндылықтарын насихаттау;
– Оқушылар арасындағы психологиялық ахуалды жақсарту;
– Буллингтің алдын алу бағытында түсіндіру жұмыстарын жүргізу;
– Мектеп өміріне оқушылардың белсенді қатысуын арттыру.

Акцияның барысы:
Іс-шара барысында оқушылар бір-біріне жылы лебіздерін білдіріп, достықтың, бірліктің және татулықтың маңыздылығын түсінді. Әртүрлі тәрбиелік бағыттағы тапсырмалар мен акция элементтері ұйымдастырылып, оқушылар белсенділік танытты. Акция көтеріңкі көңіл-күйде өтіп, қатысушыларға жағымды әсер қалдырды.

Қорытынды:
«ДосболLIKE» акциясы оқушылар арасында жағымды қарым-қатынас орнатуға, мейірімділік пен түсіністікті арттыруға зор үлес қосты. Аталған іс-шара буллингтің алдын алуға бағытталған тиімді тәрбиелік жұмыс ретінде өз мақсатына жетті.

«ДосболLIKE» – бұл мейірімділікке, түсіністікке және шынайы достыққа бастайтын маңызды қадам.


ДОСБОЛ
Like
WhatsApp
facebook
Instagram
TikTok
You Tube


ДОСБОЛ
Like
WhatsApp
facebook
Instagram
TikTok
You Tube

АНЫҚТАМА

И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде «Шын жүректен кітап сыйла!» атты челленджі өткізілді.

Іс-шара атауы: «Шын жүректен кітап сыйла!» атты челленджі
Форматы: челлендж
Мерзімі: 5-14 ақпан, 2026 жыл
Орны: 5 мектеп-лицейі
Қатысушылар: 1-11 сынып оқушылары
Жауапты:Тәлімгер: И.Қуанышбек

«Балалар кітапханасы» жобасын жүзеге асыру мақсатында мектепте «Шын жүректен кітап сыйла!» атты челлендж ұйымдастырылып, өткізілді.

Челлендждің мақсаты:

- Оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру;
- Рухани-адамгершілік құндылықтарды насихаттау;
- Кітапты қастерлеу және кітап сыйлау мәдениетін қалыптастыру;
- Мектеп кітапханасының кітап қорын толықтыру;
- Оқушыларды білімге, ізденіске және шығармашылыққа баулу.

Челлендж барысында оқушылар белсенділік танытып, өздерінің сүйікті және танымдық маңызы жоғары кітаптарын мектеп кітапханасына сыйға тартты. Акцияға әр сынып оқушылары қатысып, көптеген көркем әдебиет, ертегілер, энциклопедиялар, балаларға арналған танымдық және тәрбиелік мәні бар кітаптар жиналды.


Іс-шара нәтижесінде мектеп кітапханасының қоры едәуір толықтырылып, жас оқырмандар үшін жаңа мүмкіндіктер ашылды. Сонымен қатар, оқушылар арасында кітап сыйлау мәдениеті қалыптасып, мейірімділік пен жанашырлық қасиеттері дәріптелді.

Челлендж жоғары деңгейде ұйымдастырылып, өз мақсатына жетті. Алдағы уақытта да осындай рухани-мәдени бағыттағы шараларды жалғастыру жоспарлануда.






14 - ақпан - Халықаралық кітап
сыйлау күні


14 ақпан Халықаралық кітап
сыйлау күні!
5 "а" сыныбы

АНЫҚТАМА

И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде

«Абай оқулары» атты мәнерлеп оқу байқауы өткізілді.

Іс-шара атауы: «Абай оқулары» атты мәнерлеп оқу байқауы
Форматы: байқау
Мерзімі: 11 ақпан, 2026 жыл
Орны: 5 мектеп-лицейі
Қатысушылар: 5-7 сынып оқушылары
Жауапты:Тәлімгер: И.Қуанышбек

И.В. Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде 2026 жылғы 11 ақпанда «Абай оқулары» атты мәнерлеп оқу байқауы жоғары деңгейде ұйымдастырылды.

Аталған іс-шараның негізгі мақсаты – оқушылардың көркем әдебиетке деген қызығушылығын арттыру, сөз мәдениетін қалыптастыру, мәнерлеп оқу дағдыларын жетілдіру, сондай-ақ қазақ халқының ұлы ақыны Абай Құнанбайұлы шығармаларын насихаттау болып табылады.

Байқау барысында қатысушылар ақынның өлеңдері мен қара сөздерін жатқа, мәнерлеп оқып, өздерінің шығармашылық қабілеттерін, сахна мәдениетін және тіл байлығын көрсетті. Қатысушылардың өнерін әділқазылар алқасы бағалап, олардың дауыс мәнері, мәтінді түсінуі, сахнада өзін ұстауы және көркемдік деңгейі ескерілді.

Іс-шара бірнеше кезеңнен тұрды. Әрбір кезеңде оқушылар өз шеберліктерін әртүрлі қырынан танытып, тыңдаушыларға ерекше әсер сыйлады. Байқауға қатысқан оқушылар белсенділік танытып, қазақ әдебиетіне деген құрметтерін көрсетті. Сонымен қатар, іс-шара барысында оқушылардың рухани-адамгершілік тәрбиесіне ерекше көңіл бөлінді.

Іс-шара соңында үздік деп танылған қатысушылар марапатталып, алғыс хаттармен және дипломдармен наградталды. Бұл байқау оқушылардың шығармашылық қабілеттерін шыңдауға, олардың өзіне деген сенімін арттыруға және ұлттық құндылықтарды дәріптеуге үлкен үлес қосты.





АНЫҚТАМА

И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде «Алғыс – ізгі ниет» атты таңғы кездесу өткізілді.

Іс-шара атауы: 1 наурыз – Алғыс айту күні
«Алғыс – ізгі ниет» атты таңғы кездесу
Форматы: таңғы кездесу
Мерзімі: 2 наурыз, 2026 жыл
Орны: 5 мектеп-лицейі
Қатысушылар: 4 сынып оқушылары
Жауапты:Тәлімгер: И.Қуанышбек

И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицей мектебінде 4-сынып оқушыларының ұйымдастыруымен Алғыс айту күніне арналған «Алғыс – ізгі ниет» тақырыбында мерекелік іс-шара жоғары деңгейде өткізілді.

Іс-шараның басты мақсаты – оқушыларға алғыс айтудың мәні мен маңызын түсіндіру, ризашылық сезімін қалыптастыру, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге тәрбиелеу болды. Сонымен қатар, оқушылардың бойындағы адамгершілік, мейірімділік, қамқорлық сияқты асыл қасиеттерді дамыту көзделді.

Мерекелік бағдарлама барысында оқушылар жүрекжарды алғыстарын білдіріп, ән шырқап, тақпақтар оқыды. Сондай-ақ, өмірдегі сыйластық пен достықты насихаттайтын тәрбиелік мәні зор көріністер қойылып, көрермендердің ыстық ықыласына бөленді. Әрбір өнер нөмірі балалардың шынайы сезімі мен шығармашылық қабілеттерін таныта білді.

Шара барысында ұстаздарға, ата-аналарға, достарға және Отанға деген алғыс сөздер айтылып, оқушылар ризашылықтың адам өміріндегі ерекше құндылық екенін ұғынды. Іс-шара оқушыларды бір-біріне қамқор болуға, айналасына мейірім сыйлауға және жақсы қарым-қатынас орнатуға тәрбиеледі.

Мұндай тағылымды шаралар жас ұрпақтың бойында достық пен сыйластықты нығайтып, рухани-адамгершілік құндылықтарды дәріптеуге үлкен ықпал етеді.

Алғыс айту – адамгершіліктің белгісі. Бір ауыз жылы сөз жүрекке қуаныш сыйлап, адамдар арасындағы сыйластықты арттырады.
Баршаңызды жақсылық жасап, ізгі ниет танытуға шақырамыз!

10

10

10

10

АНЫҚТАМА

И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде «Ұлттық мәдениет» көрмесі өткізілді.

Іс-шара атауы: «Ұлттық мәдениет» көрмесі
Форматы:көрме
Мерзімі: 10 наурыз, 2026 жыл
Орны: 5 мектеп-лицейі
Қатысушылар: 1-11 сынып оқушылары
Жауапты:Тәлімгер: И.Қуанышбек

И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицей мектебінде Наурыз мерекесі аясында ұлттық рухты дәріптеуге бағытталған ерекше іс-шаралар ұйымдастырылып, жоғары деңгейде өткізілді.

3-сынып оқушылары арасында «Ұлттық мәдениет көрмесі» өткізіліп, онда оқушылар қазақ халқының салт-дәстүрлерін, ұлттық қолөнер бұйымдарын, ұлттық тағамдарын таныстырып, өздерінің шығармашылық қабілеттерін көрсетті. Көрме барысында оқушылар ұлттық киім үлгілерін насихаттап, халқымыздың бай мәдени мұрасы туралы мағлұмат берді.

Іс-шараның негізгі мақсаты – жас ұрпаққа ұлттық құндылықтарды дәріптеу, мәдени мұраны құрметтеуге баулу, өнерге деген қызығушылықтарын арттыру және оқушылардың бойында патриоттық сезімді қалыптастыру болды. Сонымен қатар, балалардың танымдық қабілеттерін дамытып, ұлттық дәстүрге деген сүйіспеншілігін арттыру көзделді.

Мерекелік шара барысында оқушылар ұлттық өнер мен мәдениеттің маңызын терең түсініп, бір-бірімен тәжірибе алмасып, ұйымшылдық пен достықтың үлгісін көрсетті. Осындай тәрбиелік мәні зор шаралар арқылы ұлттық рухымыз жаңғырып, ата-баба мұрасын қастерлейтін саналы ұрпақ тәрбиеленері сөзсіз.

Наурыз – береке мен бірліктің, жаңару мен татулықтың мерекесі. Ұлттық құндылықтарды ұлықтау – әрбір жас ұрпақтың парызы.


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗ

АНЫҚТАМА

И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде «Қанатты достар» акциясы өткізілді.


Іс-шара атауы: «Қанатты достар» акциясы
Форматы: челлендж
Мерзімі: 1-3 сәуір, 2026 жыл
Орны: 5 мектеп-лицейі
Қатысушылар: 1-4 сынып оқушылары
Жауапты:Тәлімгер: И.Қуанышбек

И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицей мекемесінде «Қанатты достар» акциясы аясында оқушылар арасында сурет салу байқауы өткізілді. Іс-шараның негізгі мақсаты – оқушылардың табиғатқа, құстар әлеміне деген сүйіспеншілігін арттыру, қоршаған ортаны қорғауға тәрбиелеу және шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Байқауға мектеп-лицейдің түрлі сынып оқушылары белсене қатысып, құстардың тіршілігі, табиғат әсемдігі және қоршаған ортаны қорғау тақырыптарында өз туындыларын ұсынды. Оқушылар суреттері арқылы табиғатқа қамқорлық жасау, құстарды қорғау және экологиялық мәдениетті насихаттау идеяларын бейнеледі.

Іс-шара барысында қатысушылардың шығармашылық жұмыстары көрмеге қойылып, үздік жұмыстар арнайы марапатталды. Байқау оқушылардың эстетикалық талғамын қалыптастырып, табиғатқа деген жанашырлық сезімдерін арттыруға ықпал етті.

Мектеп әкімшілігі мен ұйымдастырушылар барлық қатысушыларға белсенділік танытқандары үшін алғыс білдіріп, шығармашылық табыс тіледі.



АНЫҚТАМА

И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде «1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күні» құттықтау өткізілді.

Іс-шара атауы: «1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күні» құттықтау
Форматы: челлендж
Мерзімі: 1 мамыр, 2026 жыл
Орны: 5 мектеп-лицейі
Қатысушылар: 1-11 сынып оқушылары
Жауапты:Тәлімгер: И.Куанышбек

И.В. Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейі білім алушылары мен педагогтері арасында «1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күні» мерекесіне орай құттықтау іс-шарасы өткізілді.

Іс-шараның негізгі мақсаты – оқушылардың бойында достық, татулық, өзара сыйластық және бірлік құндылықтарын қалыптастыру, елімізде өмір сүріп жатқан түрлі ұлт өкілдерінің мәдениеті мен салт-дәстүріне құрмет сезімін арттыру, қазақстандық патриотизмді насихаттау болды.

Іс-шара барысында оқушылар мен ұстаздарға мерекелік құттықтаулар жолданып, Қазақстан халқының бірлігі мен ынтымағының маңызы туралы айтылды. Қатысушылар еліміздегі ұлтаралық келісім мен қоғамдық тұрақтылықтың тәуелсіз Қазақстанның басты құндылықтарының бірі екендігіне тоқталып, бейбітшілік пен татулықтың қоғам дамуындағы ерекше рөлін атап өтті.

Мерекелік құттықтау аясында оқушылар бірлік пен достық тақырыбындағы өлеңдер оқып, жылы лебіздері мен ізгі тілектерін білдірді. Сонымен қатар, әртүрлі ұлттардың мәдениеті, дәстүрлері мен ұлттық ерекшеліктері туралы мағлұматтар беріліп, еліміздегі этностар арасындағы достық пен өзара түсіністіктің маңызы насихатталды. Іс-шара қатысушылары Қазақстанды мекендейтін барлық ұлт өкілдеріне мерекелік құттықтауларын арнап, ел бірлігі мен берекесінің нығая беруіне тілектестік білдірді.

Шара барысында оқушылардың мерекеге деген қызығушылығы жоғары болып, олар белсенділік танытты. Құттықтау іс-шарасы көтеріңкі көңіл-күйде өтіп, қатысушыларға мерекелік әсер сыйлады.

Қорытындылай келе, «1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күніне» арналған құттықтау іс-шарасы өз мақсатына жетіп, оқушылардың бойында достық пен татулықты қадірлеу, түрлі мәдениеттерге құрметпен қарау және ел бірлігін нығайту сияқты маңызды құндылықтарды қалыптастыруға ықпал етті.


БІРЛІГІ
ЖАРАСКАН

